

ISSN (Print) 2616-6887
ISSN (Online) 2617-605X

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ ВЕСТНИК BULLETIN

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

of L.N. Gumilyov
Eurasian National University

САЯСИ ҒЫЛЫМДАР. АЙМАҚТАНУ.
ШЫҒЫСТАНУ. ТҮРКІТАНУ сериясы
POLITICAL SCIENCE. REGIONAL STUDIES.
ORIENTAL STUDIES. TURKOLOGY Series
Серия ПОЛИТИЧЕСКИЕ НАУКИ. РЕГИОНОВЕДЕНИЕ.
ВОСТОКОВЕДЕНИЕ. ТЮРКОЛОГИЯ

№ 1(142)/2023

1995 жылдан бастап шығады

Founded in 1995

Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады

Published 4 times a year

Выходит 4 раза в год

Астана, 2023

Astana, 2023

Бас редакторы: **Нуртазина Р.А.**
с.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан (саяси ғылымдар)

Бас редактордың орынбасары **Нечаева Е.Д.**, с.ғ.к., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана,
Қазақстан (саяси ғылымдар)
Бас редактордың орынбасары **Медеубаева Ж.М.**, Ph.D., т.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана,
Қазақстан (саяси ғылымдар)

Редакция алқасы

Абжапшарова Б.Ж. т.ғ.д., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан (шығыстану)
Азмуханова А.М. т.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан (шығыстану)
Әлиева С.К. т.ғ.к., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан (саяси ғылымдар)
Борисов Н.А. с.ғ.д., Ресей мемлекеттік гуманитарлық университетінің теориялық және қолданбалы саясаттану кафедрасының меңгерушісі, Мәскеу, Ресей (саяси ғылымдар)
Бюлегенова Б.Б. с.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан (саяси ғылымдар)
Галимуллина А. Ф. ф.ғ.д., доцент, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан Республикасы, Ресей Федерациясы (түркітану)
Дегтярев Д.А. с.ғ.д., э.ғ.к., профессор, РУДН, МГИМО СИМ, Спбму, Мәскеу, Санкт-Петербург, Ресей (саяси ғылымдар)
Джубатова Б.Н. ф.ғ.д., проф., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан (шығыстану)
Дюсембекова М.К. с.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан (саяси ғылымдар)
Ескеева М.К. ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан (түркітану)
Курылев К.П. т.ғ.д., проф., Ресей Халықтар Достығы Университеті (РУДН), Мәскеу, Ресей (саяси ғылымдар)
Ланко Д.А. с.ғ.к., доцент, Санкт-Петербург мемлекеттік университеті, Санкт-Петербург, Ресей (саяси ғылымдар)
Невская И.А. ф.ғ.к., проф., Гете атындағы университет, Франкфурт-на-Майне, Германия (түркітану)
Нұрбаев Ж.Е. т.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан (аймақтану)
Оспанова А.Н. Ph.D., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан (аймақтану)
Рыстина И.С. Ph.D., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан (саяси ғылымдар)
Смагулова Г.М. т.ғ. к., доцент, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды, Қазақстан (саяси ғылымдар)
Стамбулов С.Б. Ph.D. доцент, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды, Қазақстан (аймақтану)
Сыздыкова Ж.С. т.ғ.д., проф., М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, Мәскеу, Ресей (аймақтану)
Тектігүл Ж.О. ф.ғ.д., Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан (түркітану)
Троцкий Е.Ф. т.ғ.д., проф., Томск мемлекеттік университеті, Томск, Ресей (аймақтану)
Тыбыкова Л.Н. ф.ғ.к., проф., Горно-Алтай мемлекеттік университеті, Горно-Алтайск, Ресей (аймақтану)
Уяма Томохико т.ғ.д., проф., Хоккайдо университеті, Саппоро, Жапония (шығыстану)
Шаймердинова Н.Г. ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан (түркітану)
Юсупова А.Ш. ф.ғ.д., проф., Қазан мемлекеттік университеті, Қазан, Ресей (шығыстану)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Сәтпаев к-сі, 2, 402 б.

Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-410)

E-mail: vest_polit@enu.kz, web-site: <http://bulpolit.enu.kz/>

Жауапты хатшы: Тұбышева А.А.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. САЯСИ ҒЫЛЫМДАР. АЙМАҚТАНУ. ШЫҒЫСТАНУ. ТҮРКІТАНУ сериясы

Меншіктенуші: «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КЕАҚ

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен тіркелген. 24.02.2021 ж. № KZ05VPY00032822 - қайта есепке қою туралы куәлігі

Ашық қолданудағы электрондық нұсқа: <http://bulpolit.enu.kz> Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 20 дана

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 13/1, тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31-410)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief: **Roza Nurtazina**

Doctor of Political Sciences, Prof., L.N.Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan (political science)

Deputy Editor-in-Chief: **Yelena Nechayeva**, *Can. of Political Sci., Prof., L.N.Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan (political science)*
Deputy Editor-in-Chief: **Zh anar Medeubaeva**, *Ph.D., Can. of Historical Sci., Assoc.Prof., L.N.Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan (political science)*

Editorial board

- Abzhapparova B.Zh.** Doctor of Historical Sci., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan (oriental studies)
Azmukhanova A.M. Can. of Historical Sci., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan (oriental studies)
Aliyeva S.K. Can. of Historical Sci., Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan (political sciences)
Borisov N.A. Doctor of Political Sci., Head of the Department of Theoretical and Applied Political Science, Russian State University for the Humanities, Moscow, Russia (political sciences)
Byulegenova B. B. Candidate of Political Sci., Associate Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan (political sciences)
Galimullina A.F. Doctor of Philosophy, Associate Professor, Kazan (Volga Region) Federal University, Kazan, Republic of Tatarstan, Russian Federation (turkology).
Degtyarev D.A. Doctor of Political Science, Candidate of Economic Sciences, Professor, RUDN, MGIMO MFA, St. Petersburg State University, Moscow, St. Petersburg, Russia (political sciences)
Dzhubatova B.N. Doctor of Philosophy, Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan (**oriental studies**)
Dyusembekova M.K. Can. of Political Sci., Associate Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan (political sciences)
Eskeyeva M.K. Doctor of Philosophy, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan (turkology)
Kurylev K.P. Doctor of History, Professor, RUDN, Moscow, Russia (political sciences)
Lanko D.A. Candidate of Political Sciences, Associate Professor, Saint Petersburg State University, Saint Petersburg, Russia (political sciences)
Nevskaya I.A. Ph.D., Goethe University, Frankfurt-am-Maine, Germany (turkology)
Nurbaev Zh.E. Candidate of Historical Sciences, L. N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan (regional studies)
Ospanova A.N. Ph.D., Associate Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan (regional studies)
Rystina I.S. Ph.D., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan (political science)
Smagulova G.M. Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, E.A. Buketov Karaganda State University, Karaganda, Kazakhstan (political Science)
Stambulov S.B. Ph.D., Associate Professor, E.A. Buketov Karaganda State University, Karaganda, Kazakhstan (regional studies)
Syzdykova Zh. S. Ph.D., Professor, Lomonosov Moscow State University, Moscow, Russia (regional studies)
Tektigul J.O. Doctor of Philosophy, K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan (turkology)
Trotsky E.F. Doctor of Historical Sciences, Professor, Tomsk State University, Tomsk, Russia (regional studies)
Tybykova L.N. Candidate of Philosophy, Professor, Gorno-Altai State University, Gorno-Altai, Russia (regional studies)
Uyama Tomohiko Doctor of Historical Sciences, Professor, Hokkaido University, Sapporo, Japan (oriental Studies)
Shaimerdinova N.G. Doctor of Philosophy, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan (turkology)
Yusupova A.Sh. Doctor of Philosophy, Professor, Kazan State University, Kazan, Russia (oriental Studies)

Editorial address: 2, Satpayev str., of. 402, Astana city, Kazakhstan, 010008.

Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31-410). E-mail: vest_polit@enu.kz, web-site: <http://bulpolit.enu.kz>

Responsible secretary: A.A. Tubysheva

Bulletin of the L.N.Gumilyov Eurasian National University POLITICAL SCIENCE. REGIONAL STUDIES. ORIENTAL STUDIES. TURKOLOGY Series

Owner: Non-profit joint-stock company «L.N.Gumilyov Eurasian National University»

Registered by the Ministry of Information and Social Development of the Republic of Kazakhstan. Rediscount certificate No. KZ05VPY00032822 dated 24.02. 2021

Available at: <http://bulpolit.enu.kz> Periodicity: 4 times a year. Circulation: 20 copies

Address of printing house: 13/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext.31-410)

Главный редактор: **Нуртазина Р.А.**
д.полит.н., проф., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан (полит. науки)

Зам. главного редактора: **Нечаева Е.Л.**, *к.полит.н., проф., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан (полит. науки)*

Зам. главного редактора: **Медеубаева Ж.М.**, *Ph.D., к.и.н., доцент, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан (полит.науки)*

Редакционная коллегия

Абжаппарова Б.Ж.	<i>д.и.н., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан (востоковедение)</i>
Азмуханова А.М.	<i>к.и.н., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан (востоковедение)</i>
Алиева С.К.	<i>к.и.н., проф., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан (полит.науки)</i>
Борисов Н.А.	<i>д.п.н., заведующий кафедрой теоретической и прикладной политологии Российский государственный гуманитарный университет России, Москва, Россия (полит. науки)</i>
Бюлегенова Б.Б.	<i>к.п.н., доцент, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан (полит.науки)</i>
Галимуллина А.Ф.	<i>д.ф.н., доцент, ФГАОУ ВО «Казанский (Приволжский) федеральный университет», Казань, Республика Татарстан, Российская Федерация (тюркология)</i>
Дегтярев Д.А.	<i>д.п.н., к.э.н., проф., РУДН,МГИМО МИД, СПбГУ, Москва, Санкт-Петербург, Россия (полит.науки)</i>
Джубатова Б.Н.	<i>д.ф.н., проф., КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан (востоковедение)</i>
Ескеева М.К.	<i>д.ф.н., проф., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан (тюркология)</i>
Курылев К.П.	<i>д.и.н., проф., РУДН, Москва, Россия (полит.науки)</i>
Ланко Д.А.	<i>к.п.н., доцент, Санкт-Петербургский гос.университет, Санкт-Петербург, Россия (полит.науки)</i>
Невская И.А.	<i>Ph.D., Гете Университет, Франкфурт-на-Майне, Германия (тюркология)</i>
Нурбаев Ж.Е.	<i>к.и.н., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан (регионоведение)</i>
Оспанова А.Н.	<i>Ph.D., доцент, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан (регионоведение)</i>
Рыстина И.С.	<i>Ph.D., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан (полит.науки)</i>
Смагулова Г.М.	<i>к.и.н., доцент КарГУ им. Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан (полит.науки)</i>
Стамбулов С.Б.	<i>Ph.D., доцент КарГУ им. Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан (регионоведение)</i>
Сыздыкова Ж.С.	<i>д.и.н., проф., МГУ имени М.В. Ломоносова, Москва, Россия (регионоведение)</i>
Тектигул Ж.О.	<i>д.ф.н., Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова, Актюбе, Казахстан (тюркология)</i>
Троцкий Е.Ф.	<i>д.и.н., проф., Томский государственный университет, Томск, Россия (регионоведение)</i>
Тыбыкова Л.Н.	<i>к.ф.н., проф., Горно-Алтайский государственный университет, Горно-Алтайск, Россия (регионоведение)</i>
Уяма Томохико	<i>д.и.н., проф., Университет Хоккайдо, Саппоро, Япония (востоковедение)</i>
Шаймердинова Н.Г.	<i>д.ф.н., проф., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан (тюркология)</i>
Юсупова А.Ш.	<i>д.ф.н., проф., Казанский государственный университет, Казань, Россия (востоковедение)</i>

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Сатпаева, 2, каб. 402 Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31-410)

E-mail: vest_polit@enu.kz, web-site: <http://bulpolit.enu.kz/>

Ответственный секретарь: *Тубышева А.А.*

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия: ПОЛИТИЧЕСКИЕ НАУКИ. РЕГИОНОВЕДЕНИЕ. ВОСТОКОВЕДЕНИЕ. ТЮРКОЛОГИЯ

Собственник: НАО «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева». Зарегистрировано Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан. Свидетельство о постановке на переучет № KZ05VPY00032822 от 24.02.2021 г.

Электронная версия в открытом доступе: <http://bulpolit.enu.kz> Периодичность: 4 раза в год. Тираж: 20 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: +7(7172)709-500 (вн.31-410)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Д.А. Айтжанов¹
А.Қ. Көшкімбаев²
М.В. Лапенко³

^{1,2}Д.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
³Ресей халықтар достығы университеті, Мәскеу, Ресей
(E-mail: aitzhanov@list.ru)

Қазақстан-Ауғанстан арасындағы қазіргі кезеңдегі қарым-қатынастар

Аңдатпа. Бұл мақалада авторлар Қазақстан-Ауғанстан қарым-қатынастарын, атап айтқанда дипломатиялық қатынастардың қалыптасуы, экономика, көлік-логистика, білім беру, гуманитарлық көмек саласындағы ынтымақтастық және Қазақстанның ауған жерінде бейбітшілік пен тұрақтылықты орнатудағы күш-жігерін талдайды. Кеңес әскерлерінің 1989 жылы Ауғанстаннан шығарылуынан бастап бүгінгі күнге дейінгі ынтымақтастықтың барлық кезеңдері талданды. Сондай-ақ, соңғы отыз жылдағы Ауғанстанның жаңа тарихы қысқаша сипатталған. Мақалада соңғы жылдары білім беру, гуманитарлық көмек саласындағы екі елдің сауда айналымы бойынша статистикалық деректер бар. Ғылыми жұмыста екіжақты қарым-қатынасты орнатуда басты рөл атқарған Қазақстан мен Ауғанстанның танымал тұлғалары көрсетіліп, бірлескен ынтымақтастықтың қорытындылары және олардың келешектегі перспективалары қорытындыланды.

Түйін сөздер: Қазақстан, Ауғанстан, БҰҰ, ҰҚШҰ, дипломатиялық қатынастар, ШЫҰ, АӨСШК, экономика, білім беру гранттары, гуманитарлық көмек.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6887/2023-142-1-144-155>
Түсті: 10.10.2022 / Жариялауға қабылданды: 11.02.2023

Кіріспе

1989 жылы Кеңес әскерлері шығарылғаннан кейін Ауғанстандағы азаматтық соғыс аяқталмай, керісінше өрши түсті. Елдің солтүстігінде бір топ қолбасшы Солтүстік альянсын құрды. 1992 жылы сәуірде көтерілісшілер Кабулға кіріп, Ауғанстан Демократиялық Республикасы құлады. Қолбасшылар Ахмад Шах Масуд пен Гульбедин Хекматиар арасындағы билік үшін күрес кезінде қарсы тараптардың артиллериясы Кабулды атқылап, әскери қақтығыс нәтижесінде елордадағы көптеген

ғимараттар қирады және бірнеше мың тұрғын мерт болд. Сол себепті Хекматиар «Кабулдың қасапшысы» деген лақап атқа ие болды [1].

Осы уақытта елдің оңтүстігінде «Талибан» қозғалысы күшейе түсті. Талибандардың көпшілігі ұлты бойынша пуштундар еді, олар өздерін ауған халқының мүдделерін қорғаушы деп жариялады. Бұл топтың мақсаты Ауғанстанда шарифат заңдарына негізделген ислам мемлекетін құру болды. 1996 жылы талибандар кескілескен шайқастардан кейін Ауғанстан астанасы Кабулды басып алып, елдің біраз бөлігіне өз билігін жариялады. Ал Ахмад Шах Масуд басқарған «Солтүстік

Альянс» талибанға қарсы қозғалысы аумақтың тек 10%-ын бақылады. Зайырлы республика құлағаннан кейін, талибандар Ауғанстан Ислам Әмірлігін жариялады, оны «адалдардың әміршісі» атанған Мұхаммед Омар басқарды.

Ауғанстан Ислам Әмірлігін мемлекет ретінде тек үш ел ғана таныды: Біріккен Араб Әмірліктері, Пәкістан және Сауд Арабиясы. АҚШ пен Ресей талибан билігін ресми түрде мойындамады. Талибанды танымау саясатын барлық Орталық Азия республикалары, соның ішінде Қазақстан да ұстанды. Бірақ уақыт өте келе, риторика өзгере бастады және әдеттегі «экстремистік биліктің» орнына аймақ елдерінің басшылары өз үндеулерінде «Ауғанстанның билеуші үкіметі» деп қолдана бастады.

Өзбекстан үкіметі «Талибан» қозғалысын ресми билік ретінде мойындауға шақ қалды. Түркіменстан Ауғанстанның жаңа билігін іс жүзінде мойындаған болып, Ашхабадта өкілдігін ашуға мүмкіндік берді. Ал Ауғанстанның Герат және Хайратон қалаларында Түркіменстанның консулдықтары жұмыс істеді. Сол уақыт аралығында Исламабадта Қазақстан елшісі Пәкістандағы талибан өкілімен кездесті, ал президент Нұрсұлтан Назарбаев «Талибан» қозғалысын Ауғанстандағы негізгі саяси және әскери күштердің бірі деп атады [2].

Бірақ толыққанды дипломатиялық қатынастар сол күйі орнаған жоқ, өйткені Талибан билігі кезінде Ауғанстанхалықаралық терроризмнің орталығына айналды. Бұл жерден АҚШ пен оның одақтастарына қарсы террористік актілер жоспарланып, жүзеге асырылды. 2001 жылғы 11 қыркүйекте Нью-Йорк пен Вашингтондағы жарылыстардан кейін, Америка Құрама Штаттары басқаратын НАТО күштері Ауғанстанда терроризмге қарсы операциясын бастады. Нәтижесінде «Талибан» қозғалысы әлсіреп, биліктен айрылды. Әскери операция Ауғанстанға және басқарушы топ талибандарға емес, «Аль Каида» террористік ұйымы мен оның жетекшісі Усама бен Ладенге қарсы бағытталған.

Бұл ұйым талибан билігі кезінде Ауғанстанда бекініп, жаңа биліктің толық мақұлдауымен террористерді даярлау орталықтарынашқан. Алайда әскери операция Ауғанстанның бүкіл аумағында жүргендіктен, талибандар негізгі соққыны өзіне қабылдауға мәжбүр болды. Халықаралық күштер мен АҚШ армиясы «Солтүстік альянстың» қолдауымен 2001 жылдың соңында талибан режимін құлатты. Талибан жер астына түсіп, ішінара көршілес Пәкістанға (Вазиристан аймағының провинциялары) шегінді, олар сол жақтан Ауғанстандағы жағдайға әлі де әсер етті. Талибан режимі құлағаннан кейін Ауғанстан Ислам Республикасы жарияланды.

2001 жылдың желтоқсанында ауған саяси қайраткерлерінің Бонн конференциясында Хамид Карзай Ауғанстанның өтпелі әкімшілігінің басшысы болып тағайындалды. 2002 жылдың маусымында Лойя-Джирга (бүкілафғандық ақсақалдар кеңесі) оны елдің уақытша президенті етіп сайлады, ал 2004 жылы жаңа Конституция қабылданып, Хамид Карзай алғашқы президенттік сайлауда жеңді.

1990-2000 жылдар кезеңінде Ауғанстанда қалыптасқан қиын жағдайға қарамастан,

Қазақстан Республикасы мен сол кездегі Ауғанстан Республикасы арасындағы дипломатиялық қатынастар 1992 жылғы 12 ақпанда орнатылды. Айта кету керек, Лойя-Джиргидің 1987 жылғы 30 қарашадағы шешімімен ел Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Ауғанстан Республикасына өзгертілді.

Зерттеудің өзектілігі келесі факторларға байланысты:

- Ондаған жылдар бойы жалғасып келе жатқан ауған қақтығысы. Сол себепті елдегі қауіпсіздік жағдайы өте шиеленісті болып қала береді.

- Ауғанстан төңірегіндегі тұрақсыздық аймағының өсуі. «Талибан», «Аль-Каида» және «ИШИМ» (Ирак және Шам Ислам мемлекеті) қозғалыстары экстремистік идеологияны көрші мемлекеттерге экспорттайды, бұл жеке елдердің тұрақтылығына және бүкіл аймақтағы қауіпсіздікке қауіп төндіреді.

- Есірткі заттар өндірісінің өсуі. 2001 жылы америкалықтар басқарған «Мызғымас бостандық» операциясы басталғаннан кейін есірткі жасау шамамен қырық есе өсті. Ауғанстаннан контрабандалық жолмен тасымалданатын героин мен апиын ондаған мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне қауіп төндіруде

Зерттеу әдістері

Зерттеудің хронологиялық шеңбері 1992 жылдан 2020 жылға дейінгі уақыт аралығымен шектелген. Себебі 1992-1996 жылдары елде азаматтық соғыс жүрді, Талибан қозғалысы билікке келді және 2001 жылы америкалық әскерлер мен олардың одақтастары Ауғанстанға басып кірді. Осылайша, Ауғанстандағы жағдай күрт өзгерді, бұл екі ел арасындағы ынтымақтастыққа жаңа серпін берді.

Зерттеуге Қазақстан СІМ-нің материалдары негіз болды, соның ішінде сөз сөйлеулер, мәлімдемелер, сұхбаттар, БАҚ-на арналған жауаптар, осы зерттеу тақырыбы бойынша маңызды мәліметтерді қамтитын іс-қимыл жоспарлары бар. Сондай-ақ, қазақстандық және шетелдік БАҚ-ның өзекті материалдары пайдаланылды. Бір атап өтерлігі, соңғы жылдары Ауғанстандағы жағдай өзекті тақырыптардың біріне айналды.

Мақалада авторлар таңдалған тақырып бойынша жарияланымдарды, баяндамаларды талдайды. Зерттеудің эмпирикалық базасы ретінде ҚР СІМ, ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің ұсынған статистикалық деректері қолданылған.

Қазіргі Ауғанстан мәселелерімен айналысатын отандық және шетелдік зерттеушілер арасында С.Әкімбеков, М.Лаумулин, А.Князев, В.Коргун, З.Бжезинский, Ф.Фукуяма сынды ғалымдарды атап өткім келеді. Сондай-ақ, бұл ғылыми жұмысты жазу барысында Ауғанстан тақырыбы бойынша жарық көрген көптеген материалдардағы ақпарат қолданылды.

Қазақстан мен Ауғанстан арасындағы ынтымақтастықтың заманауи кезеңі

Үлкен саясат көшбасшыларының біріне айналған Қазақстан Республикасы өңірдегі басқа елдермен қарқынды және жемісті қарым-қатынас дамытудың жақсы үлгісін көрсетіп отыр. 2000 жылдардың басында екі елдің қатынасы белсенді серіктестік деңгейіне жеткен жоқ, ал Ауған саясатындағы көшбасшылық дәстүрлі түрде Ресей Федерациясына тиесілі болды. 1992 жылы екі ел арасында дипломатиялық қарым-қатынас орнап, 2003 жылы Кабулда толыққанды ҚР Елшілігі ашылғанға дейінгі ұзақ кезеңнен соң және 2004 жылы алғашқы қазақстандық компаниялардың келуімен Қазақстан мемлекетаралық қатынастарды жақсарту бағытында бірқатар батыл қадамдар жасады. Серіктестіктің жаңа белесі - нақты экономикалық жобаларды жүзеге асыру үшін Қазақстан екіжақты қатынастың шарттық-құқықтық базасын құрудан бастады. Қазіргі уақытта бұл қатынастар үкіметаралық диалог пен ынтымақтастық бағдарламасын құру деңгейіне өтті.

Ауғанстанның елшілігі алғаш рет 1993 жылы Алматыда ашылып, 2005 жылы Астанаға көшіп келді. Сондай-ақ, Алматыда АИР-ның Бас Консулдығы жұмыс істейді. 2002 жылдың қыркүйегінде Кабулда Қазақстанның дипломатиялық миссиясы ашылды, ал 2003 жылдың маусымында елшілік болып қайта құрылды. Қазақстанның Ауғанстандағы алғашқы елшісі болып Ағыбай Смағұлов тағайындалды. Соңғы бірнеше жылда Қазақстан мен Ауғанстанның екіжақты ынтымақтастығы артып келеді. Жоғары және үкіметтік деңгейдегі байланыстар жанданып, парламентаралық және іскерлік байланыстар нығаяуда. Ауғанстанда өз өкілдігін ашқан алғашқы қазақстандық компаниялардың бірі «Қазхиммонтаж холдинг» ААҚ құрылыс компаниясы (2004 ж.) болды. Осы сәттен бастап екі ел арасындағы экономикалық және саяси қатынастардың қарқынды дамуы басталды. Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссия екіжақты

ынтымақтастықты дамытудың маңызды тетігі болып табылады.

2005 жылдың желтоқсанында Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан Республикасы мен өтпелі Ауғанстан Ислам мемлекеті арасындағы өзара қатынастар мен ынтымақтастықтың негіздері туралы шартты ратификациялау туралы» заңға қол қойды. Бұл келісім екіжақты қатынастардың құқықтық базасын құруға негіз болды. 2006 жылдың қаңтарында Алматы халықаралық әуежайына «Kam Air» ауғандық жеке әуе компаниясының жолаушылар ұшағы қонды. Қазақстан елшісі ауған бизнесмендерінің тобын ертіп келді. Бұл рейс Алматы мен Кабул арасындағы тұрақты әуе қатынасын ашты.

2006 жылғы сәуірде Қазақстанның сыртқы істер министрі Қасым-Жомарт Тоқаев Ауғанстанға алғашқы сапармен келді. ҚР СІМ басшысы Ауғанстан президенті Хамид Карзаймен кездесті. «Қазақстан өңірлік ынтымақтастықты қолдайды, бұл біздің басымдығымыз. Үлкен Орталық Азия идеясы өңірдегі байланыстарды, қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайтуға қызмет ететін болса, Қазақстан оның іске асырылуын қолдайды. Қазақстанның ұстанымы бойынша, үлкен Орталық Азия әскери доктрина контекстінде емес, ең алдымен өркениеттік және экономикалық ұғым ретінде қабылдануы тиіс», - деп мәлімдеді Тоқаев [3].

Екі мемлекет те халықаралық және өңірлік ұйымдар шеңберінде жемісті әрекет етеді. Қазақстан ҰҚШҰ-АИР жұмыс тобына, АИР-н қалпына келтіру бойынша ШЫҰ-ға мүше елдердің өзара іс-қимылы және күш-жігерін үйлестіру жөніндегі байланыс тобына кіреді. Ауған тарапы Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің (АӨСШК) есірткі айналымын, сондай-ақ жаңа сын-қатерлер мен қауіптерді бақылау жөніндегі бірлескен үйлестірушісі болып табылады.

ҚР СІМ-нің бағалауы бойынша, Ауғанстанның саяси басшылығы және жергілікті іскер топтардың ірі өкілдері Қазақстанмен сауда-экономикалық байланыстарды одан әрі дамытуға мүдделі. Ауыл шаруашылығы, темір жол құрылысы,

инвестициялар тарту, жерүсті және әуе көлігі, әскери-техникалық сала ынтымақтастықтың негізгі бағыттары болып табылады.

Қазақстан соңғы жылдары Ауғанстанға 75 миллион доллар көлемінде көмек көрсетті. Бұл сомаға ауған азаматтарын қазақстандық жоғары оқу орындарында оқыту, азық-түлік, киім-кешек, бірінші қажеттіліктегі тауарларды жеткізу және инфрақұрылымдық құрылыстар салуды жүзеге асыру кіреді. ҚР Сыртқы істер министрлігі біздің мемлекет Орталық Азияның барлық елдері арасында Ауғанстанның ең ірі доноры болып табылатынын атап көрсетеді. 2016 жылдың қазан айында Қазақстан үкіметі ауған ұлттық армиясының қорына әскерді қолдауға 2 миллион АҚШ доллары қаржы бөлген [4].

2017 жылғы 11 қазанда Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары Ақылбек Камалдинов Мәскеуде өткен «Шанхай Ұнтымақтастық Ұйымы – Ауғанстан» байланыс тобының отырысына қатысты. Іс-шара барысында ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің Ауғанстанмен одан әрі өзара іс-қимыл мәселелері талқыланды.

Дипломат Қазақстан қауіпсіздік, терроризмге қарсы күрес, гуманитарлық көмек көрсету, сауда-экономикалық саладағы өзара іс-қимыл мәселелеріне ерекше назар аударатырып, Ауғанстанға қатысты салмақты саясат жүргізуді жалғастырып келе жатқанын атап өтті. Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-Ауған үкіметаралық комиссиясы аясында жүзеге асырылып жатқан жұмыстардың, сондай-ақ Стамбул процесі, CAREC және RECCA форумдары, TIFA және SPECA бағдарламалары сияқты халықаралық алаңдардың маңыздылығына назар аударылды.

«ШЫҰ-Ауғанстан» байланыс тобы 2005 жылы терроризмге, сепаратизмге, экстремизмге және есірткінің заңсыз айналымына қарсы күреске жәрдемдесу, ұйым мен Ауғанстан арасындағы консультацияларды жандандыру, осы елге көмек көрсету жөніндегі халықаралық бағдарламаларды әзірлеуге және жүзеге асыруға қосылу үшін құрылды [5].

Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасы бойынша, 2009 жылдан бастап «Қазақстан – Ауғанстан» мемлекеттік білім беру бағдарламасы іске асырылуда. Оған шамамен 50 миллион доллар бөлінді. Осы бағдарламаға сәйкес, 2010-2021 жылдары Қазақстанның жоғары оқу орындарында 1000-ға жуық ауған азаматы білім алмақ.

Қазіргі уақытта Қазақстанның жоғары оқу орындарында 750-ге жуық ауған азаматы келесі мамандықтар мен бағыттар бойынша білім алуға: денсаулық сақтау, құрылыс, инженерия, педагогика, гуманитарлық сала, журналистика, мемлекеттік шекараны қорғауды қамтамасыз ету, сумен жабдықтау жүйелерінің тазарту құрылыстары, ауыл шаруашылығы, ішкі құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, электр және электромеханикалық жабдықтарға қызмет көрсету, есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету, қалалық қатынас жолдарының құрылысы.

Ауғанстан азаматтары Қазақстан Республикасының 22 жоғары оқу орындары мен колледждерінде білім алады, олардың ішінде: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Алматы), Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ (Астана), Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ (Алматы), Алматы энергетика және байланыс университеті (Алматы), С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ (Астана), ҚР ҰҚК Шекара қызметі академиясы (Алматы), ҚР ПМ Қарағанды академиясы (Қарағанды), ҚазБСҚА жанындағы колледж (Алматы), Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы (Алматы), Электротехникалық колледж (Семей), С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ (Алматы), Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы), Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті (Алматы).

Ауғанстаннан келетін студенттердің соңғы легі 2016 жылы оқуға түсті. 2018-2019 жылдары ауғандық студенттер саны мемлекеттік гранттарда 342 және ақылы негізде 57 адамды құраған. Оларға тегін жатақхана, қоғамдық көлікте жол жүру билеті және екі есе мөлшердегі стипендия беріледі.

Сондай-ақ, ауған азаматтарын одан әрі оқыту туралы меморандумға қол қойылды, жалпы саны 30 адам. Оның ішінде 16 адам бакалавриат мамандықтары бойынша, 12 – магистратура, 2 адам PhD докторантурада оқиды. Бұрын бекітілген уағдаластықтарға сәйкес, Ауғанстанның барлық азаматтары Қазақстанда оқуын аяқтағаннан кейін өз отанына оралып, мамандық бойынша қызмет етпек [6].

Сондай-ақ Қазақстан Ауғанстанға азық-түлік және бірінші қажеттіліктегі тауарлармен көмектеседі. Қазақстан ауған халқына 5 мың тонна бидай, 1,3 мың тонна құрғақ сүт, 11 мың тонна күріш, 60 тонна қарақұмық және 160 мың литр өсімдік майын жіберді. 2014 жылдың наурыз айында еліміз табиғи апаттарға байланысты Ауғанстанға 6 млн. АҚШ доллары көлемінде азық-түлік ұсынды. Сол жылдың қыркүйек айында Бадахшан және Джаузжан провинцияларына азық-түлік және киім түрінде 775 мың АҚШ долларына шұғыл көмек көрсетілді. 2015 жылдың желтоқсан айында содырлардың шабуылынан зардап шеккен Құндыз қаласының тұрғындары үшін 23 вагон өсімдік майы мен төрт вагон бірінші қажеттіліктегі тауарлар жеткізілді.

Ауғанстандағы шиеленіскен әскери-саяси жағдай, осы елден шығатын терроризм мен экстремизм, есірткі тасымалы қаупі Орталық Азиядағы өңірлік қауіпсіздікке ықпал етеді. Осыған байланысты Қазақстан 2016 және 2018 жылдары НАТО-ның тиісті трасттық қорына Ауған ұлттық қорғаныс және қауіпсіздік күштерін қолдауға 6 млн. АҚШ доллары көлемінде қаржы бөлді.

Тікелей қаржылық көмекке келетін болсақ, 2008 жылғы шілдеде біздің ел Ауғанстанның Қаржы министрілігінің есебіне 2,38 млн. АҚШ долларын, Саманган провинциясында мектеп салуға - 160 мың долларды, Бамиан провинциясында аурухана салуға - 570 мың долларды және Талукан - Құндыз - Ширхан - Бандар асфальтталған жолын жөндеуге 1,65 млн. АҚШ долларын аударды. Автожолды жөндеу 2011 жылдың қазан айында, мектеп құрылысы 2012 жылы аяқталды, ал ауған тарапының кінәсінен тоқтатылған аурухана құрылысы 2016 жылдың қазан айында қайта

басталды. Сонымен қатар Қазақстан Үкіметі 2014 жылы Саманган провинциясындағы Айбак қаласында төрт көпір салу мен өзен жағасын нығайтуды қаржыландырды. Жалпы құны - 1,5 млн. АҚШ доллары. Қазіргі уақытта ауған тарапы бұл жобаларды жүзеге асыруда. 2018 жылы Ауған билігінің өтініші бойынша Қазақстан бұл елге гуманитарлық көмек ретінде жалпы сомасы 2,8 млн. АҚШ долларына 2,8 мың тонна ұн, 850 мың консерві және басқа да тамақ өнімдерін жеткізді [7].

Салыстырып қарайтын болсақ, Қазақстан мен Ауғанстан арасындағы тауар айналымы 2016 жылдың өзінде 489,4 млн. АҚШ долларын құрады, оның ішінде ҚР экспорты - 486,8 млн, ҚР импорты - 2,6 млн. 2018 жылдың қаңтар-қазан айларында Қазақстан мен Ауғанстан арасындағы тауар айналымы 401,3 млн. АҚШ долларын құрады. Қазақстаннан Ауғанстанға экспорт 4,2%-ға төмендеп, 397,8 млн. долларды құрады, импорт 3,2 есе өсіп, 3,5 млн. долларға жеткен.

Ауғанстанға экспортталатын негізгі тауарлар: бидай немесе қара бидай ұны, табиғи газ, бидай, қоспаланған болаттан жасалған суықтай илемделген жазық прокат, зығыр тұқымдары. Бұл тауарлар Қазақстаннан АИР-на жөнелтілетін экспорттың 89,4%-ын алады. ҚР-нан Ауғанстанға көбінесе ауыл шаруашылығы тауарлары (77,8%), өнеркәсіп тауарлары (22,2%) жеткізіледі.

Қазақстанға негізінен жүзім, жаңа піскен және құрғақ жемістер, картоп импортталады. Бұл тауарлар Ауғанстаннан Қазақстанға келетін импорттың 96,1% - ын алады. Соның ішінде ауыл шаруашылығы тауарлары - 99,2%, өнеркәсіп тауарлары - 0,8%. Сондай-ақ, Қазақстан Ауғанстан аумағында теміржол және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға қатысуды пысықтауда [8].

Сондай-ақ, Қазақстанда бірқатар ауған кәсіпорындары қызметі етеді. 2018 жылы Алматыда ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттау саласында мамандандырылған ауған ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттаушының «Kanda Fruits Process Company» сауда өкілдігі ашылды. Ауғанстан үкіметінің қолдауымен бұл компания Қазақстанның бөлшек және көтерме сауда

желілеріне көкөністер мен құрғақ және жаңа піскен жемістерді жеткізу бойынша Кабул - Алматы әуе жүк қатынасын жолға қойды. Қазақстанның Ауғанстандағы елшілігінің қолдауымен Алматыда «Poshak Istanbul Manufacturing» атты ауған компаниясы фабрикасының құрылысы басталды. Болашақта кәсіпорын ерлер мен әйелдердің киімдерін тігіп, тұтынушыға ұсынбақ.

Қазақстан Ауғанстанға астық пен ұн, прокат, зығыр тұқымы мен табиғи газдан басқа 24 тауар түрін экспорттай алады. Олардың арасында жер қойнауын пайдалану саласындағы келешегі зор жобалар да бар. Ауғанстанда мұнай, мыс, бериллий, марганец және қалайының үлкен көлемі бар. Қазақстандық «ҚазМұнайГаз» және «Қазгеология» компаниялары әлеуетті жобаларды іріктеу бойынша келіссөздер жүргізуде. Олардың ішінде Ятентаг, Тотимайдан, және Тирпу мұнай-газ кен орындарын игеру де бар.

Дегенмен барлық жобалар біз қалағандай толық жүзеге асырылмайды. Мысалы, 2011 жылы Мазари-Шарифте экспорттық өнімді сақтауға және ауыстырып тиеуге арналған қазақстандық терминалдардың жоспарланған құрылысы қағаз жүзінде қалды. Бұл жоба қолайсыз болғандықтан, Өзбекстан мен Түркіменстанның терминалдары қолданылып жүр. Бірақ дәл осы жағдай АИР-на қазақстандық астық пен ұн экспортының төмендеуіне себеп болды. Ауғанстан алдағы уақытта Қазақстанмен келісімшарт жасасқысы келмейді, өйткені ұн жеткізу 3 айға созылады, бұл уақытта астық сапасы мен бағасы өзгеріп отырады. Қазақстан мен Ауғанстанды небары 1,5 мың шақырым жер бөледі, бұл логистика тұрғысынан мардымсыз болып саналады. Сондықтан ауған тарапы қазақстандық жеткізушілермен шарт жасасуды қойды және тиімді болған соң көп жағдайда өзбек компанияларымен жұмыс істейді [9].

Қазақстан Республикасы әлеуметтік-экономикалық және гуманитарлық көмектен басқа Ауғанстанда бейбітшілік пен тұрақтылықты орнату бағытында белсенді қызмет жүргізуде. ШЫҰ және АӨСШК шеңберінде түрлі халықаралық

конференциялар мен саммиттер өткізу, Ауғанстан бойынша келіссөздер алаңдарын ұсыну жөніндегі жұмысты ерекше атап өткен жөн.

Қазақстан Республикасы БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі ретінде және ұйымға төрағалық ете отырып, өз бастамасы бойынша 2018 жылғы 13-15 қаңтарда Ауғанстанға сапар ұйымдастырды. Оның қорытындысы бойынша, Қауіпсіздік кеңесі Ауғанстанның көрші елдермен, ең алдымен Орталық Азиямен өңірлік экономикалық ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға шақырды.

Бұл сапар БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің мүшелері үшін 2010 жылдан бергі алғашқы сапар болды және Ауғанстан Үкіметі күш-жігерінің тиімділігін, елдегі бейбітшілік пен тұрақтылықты орнату үшін халықаралық қоғамдастықтың қолдауын бағалауға мүмкіндік берді. Сапар БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіндегі «Қауіпсіздік пен дамудың өзара тәуелділік үлгісі ретінде Ауғанстан мен Орталық Азияда өңірлік әріптестікті құру» тақырыбындағы пікірсайыс қарсаңында ұйымдастырылды. Қауіпсіздік кеңесінің мүшелерімен қатар, аталған іс-шараға Ауғанстан мен Орталық Азия республикаларының сыртқы саяси ведомстволарының басшылары қатысты.

Сапар қорытындысы бойынша, БҰҰ ақпараттық хабарламасына сәйкес, «Қазақстан Қауіпсіздік кеңесіне сайланған Орталық Азиядағы алғашқы ел ретінде көршілер арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға ұмтылады, бұл Ауғанстандағы тұрақтылық пен өркендеуге жәрдемдесу үшін шешуші мәнге ие, ал Ауғанстандағы экономикалық дамуды қолдауға арналған өңірлік бастамалар өзара тиімділік пен жалпы қауіпсіздікті барынша арттыра алады», - деп анық айтылды.

Сапардың аса мазмұнды және қарқынды бағдарламасы аясында Қауіпсіздік кеңесінің делегациясы Президент Ашраф Ганимен, атқарушы билік басшысы Абдулла Абдулламен, Ұлттық қауіпсіздік жөніндегі кеңесші Мохаммад Ханиф Атмармен, Жоғары бейбітшілік кеңесінің төрағасы Мохаммад Карим Халилимен, Ауғанстан Үкіметінің

министрлерімен, Саяси партиялар мен азаматтық қоғам өкілдерімен, оның ішінде әйелдер құқығына маманданған ҮЕҰ-мен, Ауғанстанға жәрдемдесу жөніндегі БҰҰ миссиясының және НАТО-ның «Батыл қолдау» миссиясының басшылығымен кездесулер өткізді.

Кездесулердің қорытындысы бойынша, БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің мүшелері мен ауған тарапы «өңірдегі орнықты даму, бейбітшілік пен тұрақтылық жолы ретінде Қазақстан ұсынған қауіпсіздік пен даму саласындағы өңірлік және кешенді тәсілді қабылдау қажеттілігін атап өтті. Кабулдағы талқылаулар Ауғанстанды өңірдегі қауіпсіздікке қатер ретінде емес, маңызды әріптес ретінде қарау қажеттігін атап көрсетті. Өзара іс-қимыл мен ынтымақтастықты кеңейту арқылы, атап айтқанда, өңірлік инфрақұрылымдық, сауда, инвестициялық, транзиттік және көлік жобаларын іске асыру арқылы Ауғанстан мен көрші елдердің, оның ішінде Орталық Азия мемлекеттерінің экономикасын интеграциялау өте маңызды» екенін атап өтті.

Жалпы, сапар барысында БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің мүшелері мен ауған тарапы «халықаралық қоғамдастықтың, соның ішінде көрші елдердің терроризмге қарсы күресте қолдау көрсету және Ауғанстанмен ынтымақтасу қажеттігін атап өтіп, өңірдегі ынтымақтастық пен үйлестіруді жақсартуға шақырды» [10].

2020 жылғы 15 ақпанда Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ауғандық әріптесі Ашраф Ганимен кездесу өткізді. Әңгімелесу барысында Қазақстан мен Ауғанстан көшбасшылары сауда-экономикалық, көлік-логистикалық, гуманитарлық салалардағы екіжақты ынтымақтастықты нығайтудың қазіргі жай-күйі мен келешегін талқылады, сондай-ақ өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер бойынша пікір алмасты. Қасым-Жомарт Тоқаев Ауғанстан еліміздің жақсы серіктесі әрі көршісі екенін атап өтті. Ауғанстан Президенті екіжақты ынтымақтастықтың оң қарқынын атап өтті де, Қазақстанмен сауда-экономикалық байланыстарды одан әрі кеңейтуге мүдделілігін білдірді [11].

2020 жылы қараша айының соңында Женевада Ауғанстан бойынша халықаралық донорлық конференция өтті. Іс-шара әлемдік қоғамдастықтың бейбітшілікке қол жеткізуге және Ауғанстанды қалпына келтіруге жәрдемдесуге арналды. Конференция жұмысына Ауғанстан Президенті Мохаммад Гани, Ауғанстан Сыртқы істер министрі Мохаммад Ханиф Атмар, БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриш, БҰҰ Бас хатшысының Ауғанстан жөніндегі арнайы өкілі Дебора Лайонс, сондай-ақ 70-тен астам мемлекет пен 30 халықаралық ұйымның өкілдері қатысты.

Аталған іс-шараға бейнеконференция форматында қатысқан Қазақстан Республикасы Президентінің Ауғанстан бойынша арнайы өкілі Талғат Қалиев өз сөзінде Қазақстан Ауғанстандағы жағдайды тұрақтандыру бойынша халықаралық күш-жігерге өз үлесін қосуды жалғастырып келе жатқанын, бұл елге жыл сайын қаржылық, техникалық және гуманитарлық көмек көрсететінін атап өтті. Талғат Қалиев Дохадағы бейбіт ауғанаралық келіссөздердің маңыздылығын атап өтіп, тараптарды ымыраға келуге және қақтығысты тез арада шешуге шақырды. Қазақстандық өкілдің мәлімдемесіне түсініктеме бере отырып, конференцияның тең төрағасы - Ауғанстан Сыртқы істер министрі Мохаммад Ханиф Атмар «Қазақстанмен одан әрі ынтымақтастықты асыға күтетінін» атап өтті [12].

Қорытынды

2021 жылдың шілдесінде Ташкентте Өзбекстан президенті Шавкат Мирзиёевтің бастамасымен ұйымдастырылған «Орталық және Оңтүстік Азия: өңірлік өзара байланыстар. Сын-қатерлер мен мүмкіндіктер» атты халықаралық конференция өтті. Шараға сол кездегі Ауғанстан Ислам Республикасының Президенті Ашраф Гани қатысты. Алқалы жиында АҚШ әскерлері елден шығарылғаннан кейін Ауғанстанды одан әрі дамыту мәселелері талқыланды.

Сол жылдың 31 тамызында АҚШ-тың соңғы әскери көлік ұшағы Кабул әуежайынан

ұшып кетіп, осымен АҚШ Қарулы күштері Ауғанстаннан түпкілікті шығарылды. Осы уақытқа дейін Талибан қозғалысы Кабулды кедергісіз алып, елдің түгелдей дерлік аумағын бақылап, 2021 жылдың қыркүйегінде Ауғанстанды Ислам әмірлігі деп ресми түрде жариялады. Президент Ашраф Гани және оның жақтастары мен жақындары елден қашып кетті. Пентагонның Конгреске берген есебіне сәйкес, АҚШ Ауғанстаннан әскерлерді «асығыс» шығарғаннан кейін, елде құны 7 миллиард доллардан астам әскери техниканы қалдырды.

Бұрынғы Кабул режимінің тез құлдырауы әлемнің көптеген елдері үшін, әсіресе Орталық Азия елдері үшін күтпеген жағдай болды. Бүгінгі таңда аймақ елдері жаңа ауған билігін ресми түрде тануға асықпайды, бірақ сонымен бірге дипломатиялық және экономикалық байланыстар үзілген жоқ.

2021 жылдың қыркүйек айының соңында Қазақстан Республикасының Ауғанстандағы елшісі Әлімхан Есенгелдиев Кабулда «Талибан» қозғалысы тағайындаған Ауған СІМ басшысының міндетін атқарушы Әмір Хан Муттакимен кездесті. Бұл қазақстандық өкілдің қозғалыс жетекшілерінің бірімен жоғары деңгейдегі алғашқы байланысы болды.

Бір ай өтер-өтпестен, 2021 жылы қазан айының ортасында «Талибан» қозғалысының басшылығымен алғашқы келіссөздерге қатысқан қазақстандық дипломаттар мен саясаткерлердің сапары өтті. Миссияны Қазақстан Президентінің халықаралық ынтымақтастық жөніндегі арнайы өкілі Ержан Қазыхан басқарды.

Президенттің арнайы өкілі Ауғанстан Сыртқы істер министрінің міндетін атқарушы Әмір Хан Муттакимен кездесті. Кездесу жабық есік жағдайында өтті. Кейін арнайы өкіл келіссөздер бейбіт және диалогқа қолайлы жағдайда өткенін айтты. Ауған СІМ басшысы Ауғанстанға көрсеткен гуманитарлық көмегі үшін Қазақстанға алғысын білдірді. Кездесулер барысында тараптар дәстүрлі сауда-экономикалық байланыстарды қалпына келтіруге және гуманитарлық бағдарламаларды жалғастыруға мүдделі

екенін жеткізді. Ауғанстан әкімшілігінің өкілдері қазақстандық QazVac вакцинасын жеткізу туралы ұсыныстыда қызығушылықпен қабылдады [13].

Қазақстан ауған проблемасын үш тәсілмен шешуге болатынына сенімді. Ол үшін қауіпсіздік пен дамудың өзара тәуелділігін нығайту керек, қауіпсіздік пен дамуды қамтамасыз етудің өңірлік стратегиясына сүйеніп, сондай-ақ БҰҰ құрылымдары мен басқа да донорлар тарапынан халықаралық гуманитарлық көмек деңгейін арттыру қажет.

2022 жылдың мамыр айында Алматыда өткен Еуропалық Одақ пен Орталық Азия елдерінің арнайы өкілдерінің кездесуінде

Еуроодақтың Ауғанстан бойынша арнайы өкілі Томас Николсон Қазақстанның Орталық Азиядағы ерекше рөлін атап өтті.

Оның айтуынша, Қазақстан мен Ауғанстан арасындағы қарым-қатынас өте жақсы. Бұл мәдени және сауда байланыстарды қамтиды. Қазақстан Ауғанстанға үнемі гуманитарлық көмек көрсетеді [14].

Ауғанстан мен Қазақстан арасындағы достық қарым-қатынастардың тамыры терең әрі бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді. Екі мемлекеттің мәдени-тарихи байланыстары әртүрлі салалардағы қатынастарды қолдауға ықпал етеді. Екі елдің болашағы олардың саясат, қауіпсіздік, бизнес және тәжірибе алмасу саласындағы тұрақты ынтымақтастығын жалғастырумен өзара байланысты. Бұдан басқа, ауған және қазақ халықтары арасындағы қарым-қатынастар жалпы мәдени, көркемдік және әлеуметтік аспектілерге де таралады.

Әдебиеттер тізімі

1. BBC News, «Заклятый враг советской армии Хекматияр вернулся в Кабул». [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <https://www.bbc.com/russian/news-39804814> (карастырылған күні: 05.10.2022).
2. Смагулов Агыбай, «Экспертная оценка влияния афганского противостояния на политическую и экономическую ситуацию в Центральной Азии», [электронды ресурс] Высшая Школа Развития, Институт государственного управления и политики, доклад № 20, 2013. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <https://www.ucentralasia.org/Content/Downloads/UCA-IPPA-WP20-Expert-Evaluation-of-Afghan.pdf> (карастырылған күні: 05.10.2022).
3. Верхогуров Д., «Крепкое партнерство Казахстана и Афганистана», журнал «Эксперт». [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <https://expert.ru/kazakhstan/2007/27/afghanistan/> (карастырылған күні: 05.10.2022).
4. «Казахстан и Афганистан: сотрудничество сквозь историю, Информационное агентство «Sputnik.kz». [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <https://ru.sputnik.kz/afghan/20190214/9299508/kazakhstan-afghanistan-istoriya-sotrudnichestvo.html> (карастырылған күні: 05.10.2022).
5. «Заместитель Министра иностранных дел Казахстана принял участие в заседании контактной группы «ШОС-Афганистан», пресс-центр МИД РК. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/news/details/zamestitel-ministra-inostrannyh-del-kazahstana-prinyal-uchastie-v-zasedanii-kontaktnoy-gruppy-shos-afganistan?lang=ru> (карастырылған күні: 05.10.2022).
6. «Граждане Афганистана - студенты Казахстана», Информационное агентство «Sputnik.kz» [электронды ресурс], источник данных: Министерство образования и науки Республики Казахстан, 2019. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <https://ru.sputnik.kz/afghan/20190210/9238207/afghanistan-studenty-kazakhstan.html> (карастырылған күні: 05.10.2022).
7. «Казахстан и Афганистан: сотрудничество сквозь историю, Информационное агентство «Sputnik.kz». [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <https://ru.sputnik.kz/afghan/20190214/9299508/kazakhstan-afghanistan-istoriya-sotrudnichestvo.html> (карастырылған күні: 05.10.2022).
8. «Торгово-экономическое сотрудничество РК-ИРА», пресс-центр МИД РК. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa-kabul/press/article/details/14263?lang=ru> (карастырылған күні: 05.10.2022).
9. «Почему Казахстан теряет рынок Афганистана?», республиканский деловой еженедельник «Курсив». [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <https://kursiv.kz/news/vlast-i-biznes/2019-03/pochemu-kazakhstan-teryaet-rynok-afganistana?page=22> (карастырылған күні: 05.10.2022).

10. «Казахстанское председательство организовало первый за семь лет визит членов Совбеза ООН в Афганистан», пресс-центр МИД РК. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/news/details/kazhastanskoe-predsdatelstvo-organizovalo-pervyy-za-sem-let-vizit-chlenov-sovbeza-oon-v-afganistan?lang=ru> (карастырылған күні: 05.10.2022).

11. «Глава государства провел встречу с Президентом Афганистана Ашрафом Гани», пресс-центр МИД РК. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa-helsinki/press/news/details/glava-gosudarstva-provel-vstrechu-s-prezidentom-afganistana-ashrafom-gani?lang=ru> (карастырылған күні: 05.10.2022).

12. «Казахстан продолжает вносить вклад в усилия по стабилизации ситуации в Афганистане», информационное агентство «Казинформ» [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: https://www.inform.kz/ru/kazakhstan-prodolzhaet-vnosit-vklad-v-usiliya-po-stabilizacii-situacii-v-afganistane_a3722604 (карастырылған күні: 05.10.2022).

13. Информационный канал Казахстана «24KZ», «Как прошли первые переговоры с талибами. Эксклюзив от «Хабар» 24», [электронный ресурс] 18 октября, 2021 URL: <https://24.kz/ru/news/top-news/item/504921-kak-proshli-pervye-peregovory-s-talibami-eksklyuziv-ot-khabar-24> (карастырылған күні: 05.10.2022).

14. Информационный канал Казахстана «24KZ», «Проблемы Афганистана обсудили в Алматы». [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <https://24.kz/ru/news/social/item/546980-problemy-afganistana-obsudili-v-almaty> (карастырылған күні: 05.10.2022).

Д.А. Айтжанов¹, А.К. Кушкымбаев², М.В. Лапенко³

^{1,2}Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

³Российский университет дружбы народов, Москва, Россия

Взаимоотношения между Казахстаном и Афганистаном на современном этапе

Аннотация. В данной статье авторы анализируют современные казахстанско-афганские отношения, в частности: становление дипломатических отношений, сотрудничество в области экономики, транспортно-логистической сфере, образование, гуманитарная помощь и усилия Казахстана в установлении мира и стабильности на афганской земле.

Проанализированы все этапы сотрудничества, с момента вывода советских войск из Афганистана 1989 году до настоящего времени. Также вкратце описана новейшая история Афганистана за последние тридцать лет. В статье приводятся статистические данные по торговому обороту двух стран в сфере образования, гуманитарной помощи за последние годы. В исследовании обозначены персоналии Казахстана и Афганистана, сыгравшие главную роль в установлении двухсторонних отношений, подведены итоги совместного сотрудничества и их дальнейшие перспективы.

Ключевые слова: Казахстан, Афганистан, ООН, ОДКБ, дипломатические отношения, ШОС, СВМДА, экономика, образовательные гранты, гуманитарная помощь.

D.A. Aitzhanov¹, A.K. Kushkumbaev², M.V. Lapenko³

^{1,2}L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

³Peoples' Friendship University of Russia, Moscow, Russia

Relations between Kazakhstan and Afghanistan at the current stage

Abstract. The authors of the article analyze Kazakhstan and Afghanistan relations, in particular the formation of diplomatic relationships, cooperation in the economy, transport and logistics, education, humanitarian assistance, and Kazakhstan's efforts to establish peace and stability in Afghanistan.

All stages of cooperation have been analyzed since the withdrawal of Soviet troops from Afghanistan in 1989 to the present. The recent history of Afghanistan over the past thirty years has been described briefly. The article provides statistical data on the trade turnover of the two countries in the field of education and humanitarian aid in recent years. The research identifies the personalities of Kazakhstan and Afghanistan who played a major

role in the establishment of bilateral relations and summarizes the results of joint cooperation and their future prospects.

Keywords: Kazakhstan, Afghanistan, UN, CSTO, diplomatic relations, SCO, CICA, economy, educational grants, humanitarian aid.

References

1. BBC News, «Zaklyatyiy vrag sovetskoy armii Khekmatiyar vernulsya v Kabul» [BBC News, «Hekmatiyar, a sworn enemy of the Soviet army, returned to Kabul». Available at: <https://www.bbc.com/russian/news-39804814> [in Russian] (accessed 05.10.2022).
2. Smagulov Agybai, «Ekspertnaya otsenka vliyaniya afganskogo protivostoyaniya na politicheskuyu i ekonomicheskuyu situatsiyu v Tsentral'noi Azii», Vysshaya Shkola Razvitiya, Institut gosudarstvennogo upravleniya i politiki, doklad № 20 [«Expert Assessment of the Impact of the Afghan Confrontation on the Political and Economic Situation in Central Asia»], Available at: <https://www.ucecentralasia.org/Content/Downloads/UCA-IPPA-WP20-Expert-Evaluation-of-Afgan.pdf> [in Russian] (accessed 05.10.2022).
3. Verkhoturov D., «Krepkoe partnerstvo Kazakhstana i Afganistana», zhurnal «Ekspert». [«A Strong Partnership between Kazakhstan and Afghanistan», Expert magazine.]. Available at: <https://expert.ru/kazakhstan/2007/27/afganistan/> [in Russian] (accessed 05.10.2022).
4. «Kazakhstan i Afganistan: sotrudnichestvo skvoz' istoriyu, Informatsionnoe agentstvo «Sputnik.kz» [«Kazakhstan and Afghanistan: Cooperation through History», Sputnik.kz Information Agency.], Available at: <https://ru.sputnik.kz/afghan/20190214/9299508/kazakhstan-afganistan-istoriya-sotrudnichestvo.html> [in Russian] (accessed 05.10.2022).
5. «Zamestitel' Ministra inostrannykh del Kazakhstana prinyal uchastie v zasedanii kontaktnoy gruppy «ShOS-Afganistan», press-tsentr MID RK [«Deputy Minister of Foreign Affairs of Kazakhstan took part in the meeting of the SCO-Afghanistan contact group», MFA press center of Kazakhstan.]. Available at: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/news/details/zamestitel-ministra-inostrannykh-del-kazakhstana-prinyal-uchastie-v-zasedanii-kontaktnoy-gruppy-shos-afganistan?lang=ru> [in Russian] (accessed 05.10.2022).
6. «Grazhdane Afganistana - studenty Kazakhstana», Informatsionnoe agentstvo «Sputnik.kz», istochnik dannyykh: Ministerstvo obrazovaniya i nauki Respubliki Kazakhstan. [«Citizens of Afghanistan - students of Kazakhstan», Information Agency «Sputnik.kz» [electronic resource], data source: Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan]. Available at: <https://ru.sputnik.kz/afghan/20190210/9238207/afganistan-studenty-kazakhstan.html> [in Russian] (accessed 05.10.2022).
7. «Kazakhstan i Afganistan: sotrudnichestvo skvoz' istoriyu, Informatsionnoe agentstvo «Sputnik.kz» [«Kazakhstan and Afghanistan: Cooperation through History», Sputnik.kz Information Agency], Available at: <https://ru.sputnik.kz/afghan/20190214/9299508/kazakhstan-afganistan-istoriya-sotrudnichestvo.html> [in Russian]. (accessed 05.10.2022).
8. «Torgovo-ekonomicheskoe sotrudnichestvo RK-IRA», press-tsentr MID RK [«Trade and economic cooperation of the RK-IRA», press center of the Ministry of Foreign Affairs of the RK.]. Available at: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa-kabul/press/article/details/14263?lang=ru> [in Russian]. (accessed 05.10.2022).
9. «Pochemu Kazakhstan teryaet rynek Afganistana?», respublikanskii delovoi ezhenedel'nik «Kursiv» [«Why Kazakhstan is losing the market of Afghanistan?», Republican Business Weekly «Kursiv».], Available at: <https://kursiv.kz/news/vlast-i-biznes/2019-03/pochemu-kazakhstan-teryaet-rynek-afganistana?page=22> [in Russian]. (accessed 05.10.2022).
10. «Kazakhstanskoe predsedatel'stvo organizovalo pervyy za sem' let vizit chlenov Sovbeza OON v Afganistan», press-tsentr MID RK [«Kazakhstan's presidency organized the first visit of UN Security Council members to Afghanistan in seven years», MFA Press Center.]. Available at: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/news/details/kazakhstanskoe-predsedatelstvo-organizovalo-pervyy-za-sem-let-vizit-chlenov-sovbeza-oon-v-afganistan?lang=ru> [in Russian]. (accessed 05.10.2022).
11. «Glava gosudarstva provel vstrechu s Prezidentom Afganistana Ashrafom Gani», press-tsentr MID RK [«Head of State held a meeting with Afghan President Ashraf Ghani», MFA Press Center of Kazakhstan.], Available at: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa-helsinki/press/news/details/glava-gosudarstva-provel-vstrechu-s-prezidentom-afganistana-ashrafom-gani?lang=ru> [in Russian]. (accessed 05.10.2022).
12. «Kazakhstan prodolzhaet vnosit' vklad v usiliya po stabilizatsii situatsii v Afganistane», informatsionnoe agentstvo «Kazinform» [«Kazakhstan continues to contribute to efforts to stabilize the situation in Afghanistan»,

Kazinform news agency.], Available at: https://www.inform.kz/ru/kazakhstan-prodolzhaet-vnosit-vklad-v-usiliya-po-stabilizacii-situacii-v-afganistane_a3722604 [in Russian]. (accessed 05.10.2022) .

13. Информационный канал Казахстана «24KZ», «Как прошли pervye peregovory s talibami. Eksklyuziv ot «Khabar» 24» [Information Channel of Kazakhstan 24KZ, «How the first negotiations with the Taliban took place. Exclusive from Khabar 24], Available at: <https://24.kz/ru/news/top-news/item/504921-kak-proshli-pervye-peregovory-s-talibami-ekslyuziv-ot-khabar-24> [in Russian]. (accessed 05.10.2022).

14. Информационный канал Казахстана «24KZ», «Problemy Afganistana obsudili v Almaty» [Information channel of Kazakhstan «24KZ», «Problems of Afghanistan were discussed in Almaty»], Available at: <https://24.kz/ru/news/social/item/546980-problemy-afganistana-obsudili-v-almaty> [in Russian] (accessed 05.10.2022).

Авторлар туралы мәлімет:

Айтжанов Данияр Амангелдіұлы – Аймақтану кафедрасының докторанты, халықаралық қатынастар факультеті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Көшкімбаев Айболат Қайрсыямұлы – Аймақтану кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы, халықаралық қатынастар факультеті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Лапенко Марина Владимировна – тарих ғылымдарының кандидаты, гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті, салыстырмалы саясаттану кафедрасының доценті, Ресей халықтар достығы университеті, Мәскеу, Ресей.

Aitzhanov Daniyar Amangeldinovich – Ph.D. student, Department of Regional Studies, Faculty of International Relations, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Kushkumbaev Aibolat Kairsljamovich – Doctor of Historical Sciences, Professor of the Department of Regional Studies, Faculty of International Relations, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Lapenko Marina Vladimirovna – Ph.D. in History, Associate Professor of the Department of Comparative Political Science, Faculty of Humanities and Social Sciences, Peoples' Friendship University of Russia, Moscow, Russia.